

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Колледждің Кәсіподақ
комитетімен келісілген
Төрайымы
 Л.Н.Ералиева
«29» тамыз 2025 ж.

Педагогикалық кеңес
отырысында қарастырылып
келісілген
Хаттама № 1
«29» тамыз 2025 ж.



Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінің ішкі тәртіп ережелері

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Колледждің ішкі тәртіп Ережесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына және колледж Жарғысына толық сәйкестендіріліп жасалды.
- 1.2. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес азаматтардың еңбекке құқығы бар, яғни біліміне, кәсіби дайындығына, қабілеттілігіне, бейімділігіне сәйкес жұмыс түрі мен кәсіпті таңдауға құқығын қоса отырып және қоғамдық қажеттіліктерді ескерумен мемлекет бекіткен ең аз мөлшердегі жалақыдан төмен болмайтын еңбек ақысы бар жұмысты істеуге құқығы бар.
- 1.3. Колледждің ішкі тәртіп Ережесінің мақсаты ұжым мүшелерін еңбек пен оқуға саналы көзқарас рухында тәрбиелеуге, еңбек және оқу процесін жақсартуға, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңынан туындайтын колледждің басты міндеттерін толық жүзеге асыруға мүмкіндік жасау.
- 1.4. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады.
- 1.5. Сабақтар бір ауысымда өтеді. Сабақтың басталуы 9.00-де басталады сабақтар саны сабақ кестесіне байланысты өтеді.
- 1.6. Оқытушылар өздері сабақ басталар алдында оқу бөлімінен оқу журналдарын алып, сабақ соңында қайтаруға тиіс.
- 1.7. Оқытушылар мен студенттер сабақ басталуына 15 минутқа ерте келуі тиіс.
- 1.8. Оқу процессі оқу процессі кестесіне байланысты өтеді.
- 1.9. Колледж әкімшілігінің рұқсатысыз сабақ уақытысында студенттерді оқытушылар колледж ғимаратының сыртына шығаруға тиым салынады.
- 1.10. Колледж ішкілік тәртіп толығымен колледж әкімшілігі мен колледж инспекторының құзыретінде.
- 1.11. Әр бір студент сабақ уақытысында өз заттарына өзі жауапты.
- 1.12. Оқытушы жұмыс уақытысында ішімдік ішіп келген жағдайда лезде жұмыстан шығарылады.
- 1.13. Студент студенттік билетін немесе сынақ кітапшасын жоғалтқан жағдайда өз қаражатына сатып алады.
- 1.14. Оқу ғимаратының ішінде немесе ғимаратының алдында, аумақта, жатақханада түкіруге, қоқыс тастауға, темекі шегуге тиым салынады. Мұндай фактілер анықталған жағдайда құқық бұзушы қызметкерге тәртіптік жаза қолданылады немесе жұмыстан босатылады, ал студенттер колледжден шығарылады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін бұзуға бағытталған әрекеттер, сондай-ақ адамға қасақана жасалған бұзақылық және зиянды сипаттағы немесе колледжге зиян келтіретін бұзушылықтар үшін қызметкерлер жұмыстан босатылады және студенттер қайта оқуға орналасуға құқығынсыз колледжден шығарылады.
- 1.15. Діни киім киюге, намаз оқу бөлмелерін ашуға және діни атрибуттарды колледжде және жатақханаларда пайдалануға тыйым салынады.
- 1.16. Колледж мүлкін бүлдірген жағдайда, бұзақы оны қалпына келтіреді немесе нарықтық құнын төлейді.

- 1.17. Оқу ғимаратында және колледж аумағында немесе жатақханаларда жасалған бопсалау, құқық бұзушылық, төбелес фактілері үшін студент колледжден шығарылады.
- 1.18. Колледждің оқытушылары, қызметкерлері мен студенттеріне колледждің оқу ғимаратында, оның аумағында және жатақханада саяси партиялардың және басқа да қоғамдық-саяси ұйымдардың бағдарламалық, жарғылық талаптары мен көзқарастарын насихаттауға тыйым салынады. Колледждің оқытушылары, қызметкерлері мен студенттері осы Ережемен таныс болуы керек

2. Студенттерді оқуға қабылдау мен шығару тәртібі

- 2.1. Колледжге орта арнаулы, жалпы орта, орта кәсіптік техникалық білімі бар азамат(ша)лар оқуға түсуге құқылы. Оқуға құжат қабылдау ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 14.04.2018 жылдың 18 қазандағы №578 бұйрығы "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүргізіледі.
- 2.2. Колледжге оқуға түсу үшін қабылдау комиссиясына азаматтар келесідей құжаттар ұсынады:
 - 2.2.1. туу туралы құжат немесе жеке басын куәландыратын құжат;
 - 2.2.2. білім туралы құжаттың түпнұсқасы;
 - 2.2.3. № 075 –У нысаны бойынша медициналық анықтама флюорография суретімен;
 - 2.2.4. 3х4 – көлемдегі 4 фотосурет;
- 2.3. Оқуға түсуге сұхбаттасудан өткен талапкерлер 1 күндізгі курсқа қабылданады. Оқуға түсушілердің саны мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен кезде оқуға қабылдау орташа конкурстық балл негізінде жүзеге асырылады.
- 2.4. Колледжге қабылдау студенттің жеке куәлігі мен студенттік кітапшаны тапсырумен жүзеге асырылады.
- 2.5. Студент келесі негіздер бойынша колледжден шығарылады:
 - 2.5.1. академиялық үлгерім қарыздары;
 - 2.5.2. оқу төлемақысын уақытылы төлемегені үшін;
 - 2.5.3. ішкі тәртіп ережелерді өрескел бұзғаны үшін;
 - 2.5.4. медициналық анықтама негізінде денсаулыққа байланысты;
 - 2.5.5. оқу ғимараты мен жатақханада жасалған бопсалау, құқық бұзушылық, төбелес фактілері үшін.

3. Жатақханаға қабылдау және шығару тәртібі

Студенттерді жатақханаға орналастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 215 бұйрығына "Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүргізіледі.

- 3.2. Студент келесі негіздер бойынша жатақханадан шығарылады:
 - 3.2.1. ішкі тәртіп ережелерді өрескел бұзғаны үшін;
 - 3.2.2. медициналық анықтама негізінде денсаулыққа байланысты;
 - 3.2.3. өз еркімен;
 - 3.2.4. жатақханаға бөгде адамдарды кіргізгені үшін;
 - 3.2.5. Ұлттық және жалпыадамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарды құрметтемегені үшін;
 - 3.2.6. Жатақхананың ішкі және сыртқы тазалығын сақтамағаны үшін;
 - 3.2.7. жатақханаға және жатақхана аумағына, суық қарулар, жарылғыш заттарды, газ құтысын әкелгені үшін;
 - 3.2.8. өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны үшін;
 - 3.2.9. жатақхана мүлкіне (көрнекіліктер, кітаптар, ақпараттық техника құрылғылары, графиндер және т.б.) ұқыпсыз қарағаны үшін.

4. Қызметкерлер мен студенттердің міндеттері

4.1. Педагогикалық қызметкерлері:

- 4.1. Өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;
- 4.2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 4.3. Студенттерді жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету, қоршаған дүниеге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 4.4. Студенттердің өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 4.5. Өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 4.6. Бес жылда бір реттен сиретпей аттестаттаудан өтуге;
- 4.7. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;
- 4.8. Студенттердің олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің арнамысы мен қадір қасиетін құрметтеуге;
- 4.9. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық қаралудан өтуге;
- 4.10. Мамандығы бойынша оқу, ғылыми және әдістемелік жұмысты жоғары теориялық және кәсіби деңгейде жүргізуге;
- 4.11. Теориялық және кәсіби білімді, практикалық тәжірибені, ғылыми зерттеулерді өткізу әдістерін педагогикалық шеберлікті жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс істеуге;
- 4.12. Студенттермен жеке жұмыс істеуді жетілдіруге, олардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға көмек көрсетуге студенттердің оқу материалын меңгеру деңгейін аралық аттестациялауды үнемі жүргізіп отыруға және әкімшілікке хабарлауға;
- 4.13. Студенттердің практикалық дайындығына, оларды жұмыс кәсібіне оқытуға, өндірістік жұмыс пен практикаға басшылық жасауға қатысуға;
- 4.14. Біліктілігін көтеруге;
- 4.15. Студенттердің зерттеу жұмыстарына басшылық жасауға;
- 4.16. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, көрнекті құралдарды, жұмыс және оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірлеуге қатысуға;
- 4.17. Оқу процесіне оқытудың техникалық құралдарын кеңінен қолдану бойынша шаралар қабылдауға;
- 4.18. Лабораторияларды жарақтандыруды дамыту, бекітілген аудиториялық қорды және бөлімнің материалдық базасын қажетті санитарлық-техникалық жағдайда ұстау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 4.19. Сабақтарды, оқу және өндірістік практикаларды өткізу мерзімінде оқу және өндірістік ғимараттарда тиісті тәртіп пен санитарлық-гигиеналық жағдайды сақтауға;
- 4.20. Өз күн тәртібін нақты жоспарлауға және оны қатаң орындауға;
- 4.21. Колледж мамандықтарын насихаттау мақсатында студенттер құрамын жинақтағанда жастар арасындағы кәсіптік бағдарлау жұмысына қатысуға;
- 4.22. Колледж түлектерімен байланысты үнемі жүзеге асырып отыруға, олардың өндірістік жұмысын зерттеуге және оны талдау негізінде студенттерді оқыту мен тәрбиелеу жұмысын жетілдіруге;
- 4.23. Себепті жағдаймен жұмысқа келмеуін кез-келген жолмен хабарлауға;
- 4.24. Оқу журналдарына бағалардың жинақталуын жүзеге асыруға;
- 4.25. Үлгермеушілермен және сабаққа себепті және себепсіз келмеген студенттермен қосымша сабақтарды кеңес өткізуіге бөлінген сағаттар есебінен ұйымдастыруға;
- 4.26. Оқу бағдарламаларының шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы жетік меңгеруге;
- 4.27. Топ кураторы студенттердің үлгерімі мен сабаққа қатысуын бақылайды, олардың келмеген сабақтарын өз уақытында өтеуін, ішкі тәртіп Ережесін сақтауын қадағалауға;
- 4.28. Топ кураторы және оқу кабинетінің меңгерушісі бекітілген оқу аудиториясындағы мүліктің сақталуы мен санитарлық жағдайын бақылауға;
- 4.29. Оқытушылар өздеріне бекітілген кабинеттер мен жабдықтарға материалдық жауапты болуға;
- 4.30. Студенттердің арнайы форма киюін қадағалау (теміржол, классикалық).

- 4.31. Студент сабақ барысында оқытушыға сабақ өткізуге кедергі жасап, оқытушының ар-намысына тіл тигізген жағдайда, басшылық атына баяндама хат жазып болған жағдайды жеткізуге.

4.2. Тыйым салынады

- 4.2.1. Педагогтың атағына кір келтіретін теріс қылық жасауға;
- 4.2.2. Педагог жұмыскерлердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануына;
- 4.2.3. Білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшылықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға;
- 4.2.4. Студенттерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға;
- 4.2.5. Сабақ уақытында студенттерді (ксеро көшірмеге басқа да жұмыстармен сыртқа) жіберуге;
- 4.2.6. Сабақтан студенттерді ерте босатуға;
- 4.2.7. Студенттің сабаққа кешіккенде, сабаққа кіргізбеуге немесе сабақ уақытында студенттің оқытушымен сөз салғыласу себептері пайда болған жағдайда сабақтан қуып жіберуге;
- 4.2.8. Жұмыс уақытында алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масандық жағдайын туғызатын заттарды пайдалануға;
- 4.2.9. Жұмыс күні ішінде ұзақтығына карамастан жұмыс орнын себепсіз тастап кетуге тыйым салынады. Жұмыс орнынан кетуге қажеттілік болған жағдайда қызметкер тікелей басшыға жазбаша түрде ескерту қажет. Басшы «Рұқсат» белгісімен виза қояды. Қызметкердің бұл шараларды жасау мүмкіндігі болмаса жұмыс орнын тастап кетуге дәлелді себептер болуы қажет. Дәлелді себептерге, мысалы: сырқаттану, жарақаттану, сотқа немесе ішкі істер органдарына шақырту қағазы жатады.

4.3. Колледж студенттері міндетті

- 4.3.1. Студенттер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- 4.3.2. Студенттер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 4.3.3. Колледжде белгіленген киім формасын сақтауға;
- 4.3.4. Студенттер педагог қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;
- 4.3.5. Таңдаған мамандығы бойынша теориялық және практикалық дағдыларды жүйелі және терең меңгеруге, теориялық және практикалық сабақтардың барлығына қатысуға;
- 4.3.6. Өзінің мәдени деңгейін көтерумен айналысуға, республика мен өз қаласының тарихын, дүниежүзілік, отандық мәдениеттің тарихын, халық дәстүрін, мәдениетін және өнерін, этикасы мен эстетикасын оқып білуге және күнделікті өмірде соны қолдануға;
- 4.3.7. Өзінің іс жүзіндегі дайындығын жақсартуға, мамандық бойынша жұмысшы кәсібін меңгеруге, тапсырмалар мен оқу-таныстыру, өндірістік және технологиялық практикалардың тапсырмалары мен бағдарламаларын толық орындауға;
- 4.3.8. Міндетті оқу сабақтарына қатысуға және бекітілген кестедегі мерзімде оқу жоспары мен бағдарламаларында қарастырылған тапсырмалардың барлық түрін орындауға;
- 4.3.9. Қоғамдық – пайдалы еңбекке белсенді қатысуға;
- 4.3.10. Колледждің оқу-тәрбиелік жұмысына, болашақ маман ретіндегі студенттің дайындық сапасын көтеруге ықпал ететін жеке пәндер бойынша олимпиадаларға, конференцияларға және іс-шараларға қатысуға;

- 4.3.11. Ғылыми-техникалық білімді насихаттауға, сонымен қатар колледждің өткізетін қоғамдық іс-шараларына қатысуға;
- 4.3.12. Егер студент ауруханада жатса, амбулаториялық жағдайда емделіп сабаққа келмесе және төтенше сипаттағы жағдайлар (апат) басқа да себепті жағдайлармен келе алмаса, студент немесе оның туыстары болған оқиға жайлы білім беру ұйымына бір тәулік ішінде кез келген әдіспен (телефонмен және т.б) хабарлауға және үш күн ішінде бұл жағдайды растайтын құжатты ұсынуға; растау құжаты сәйкес емдеу мекемесінің бекітілген үлгісінде болуы тиіс.
- 4.3.13. Студент амбулаториялық немесе стационарлық жағдайда емделгенде білім беру мекемесіне жазбаша ескертіп, сабаққа шыққан соң емделгенін растайтын құжаттарын ұсынуға;
- 4.3.14. Әскери есеп ережесін сақтауға;
- 4.3.15. Демографиялық мәліметтердің (мекен-жайы, телефон, отбасы құрамы) өзгеруі туралы колледж әкімшілігіне уақтылы хабарлауға;
- 4.3.16. Колледж, бөлім басшылары, оқытушылар аудиторияға кіргенде студенттер орнынан тұруға;
- 4.3.17. Студенттер колледж меншігіне (мүлік, оқу құралы, кітаптар, аспаптар және т.б) ұқыпты және мұқият қарауға;
- 4.3.18. Студенттер тәртіпті болуы және таза киініп жүруі тиіс, этиканы сақтауға, оқу орында да көшеде де және қоғамдық орындарда моральға жат қылықтар жасамауы және балағат сөздер айтпауға;
- 4.3.19. Студенттер барлық оқу және оқу-өндірістік ғимараттарда тазалық пен тәртіп сақтауға міндетті.

4.4. Қатаң тыйым салынады

- 4.4.1. колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз лабораториялар мен аудиториялардан заттар мен түрлі жабдықтарды алып шығуға;
- 4.4.2. Колледж студенттерінің кез-келген мақсатпен колледж территориясына қару, жарылғыш заттар, газ баллон, өткір және кескіш заттар, алкогольдік сусындар, есірткі, улы заттар және адам өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін басқа да заттарды алып келуіне;
- 4.4.3. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерлерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін жүруге;
- 4.4.4. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта сағат 22-ден таңғы 6.00 -ге дейін ойын-сауық мекемелерінде болуына;
- 4.4.5. Оқу процесі кезінде студенттердің колледж сыртына шығуына;
- 4.4.6. Қымбат, бағалы ұялы телефондарды, планшеттерді (iPad), ұялы байланыс атрибуттарын (құлаққаптарды, минимикрофондарды, MP3 плеерлерді) алып келуге;

5. Ата-аналардың және өзге заңды өкілдерінің міндеттері

- 5.1. Студенттердің өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 5.2. Колледждің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға, ішкі тәртіп ережесін сақтауға, балаларының ішкі тәртіп ережесін сақтауда кураторға жәрдем беруге, өз міндеттерін орындамаған жағдайда (Заң бұзушылық шеңберінде) жауапкершілікке тартылатыны ескертіледі;
- 5.3. Студенттердің оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;
- 5.4. Колледждегі белгіленген киім формасын киюін қадағалауға;
- 5.5. Тыйым салынған қымбат, бағалы ұялы телефондарды, планшеттерді (iPad), ұялы байланыс атрибуттарын (құлаққаптарды, минимикрофондарды, MP3 плеерлерді) алып келмеуін бақылауда ұстауға міндетті.

6. Студенттерді оқудағы табыстары үшін мадақтау

- 6.1. Жаксы үлгерімі мен колледждің қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін студенттерге мадақтаудың мына түрлері белгіленеді:

- алғыс жариялау;
- грамоталармен марапаттау;
- жазғы демалыстар ұйымдастыру.

6.2. Әкімшілік мадақтаудың басқа да түрлерін қолдануы мүмкін. Мадақтау Жастар ісі жөніндегі комитет келісімі бойынша директор бұйрығымен хабарланады, жиналыста топ студенттеріне жария етіледі.

7. Оқу тәртібі

- 7.1. Колледжде оқу сабақтары белгіленген тәртіпте бекітілген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кесте бойынша жүргізіледі. Оқу жоспарлары мен кестелерінде белгіленген каникулдың ұзақтығын қысқартуға болмайды.
- 7.2. Оқу орнында жалпы тәртіпті кезекші оқытушылар қадағалайды;
- 7.3. Әр оқу тобына бекітілген формадағы оқу сабақтарының журналы арналады. Журнал оқу бөлімінде сақталады және топта сабақ өтетін оқытушыға беріледі.
- 7.4. Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз түрлі іс-шараларға студенттерді сабақтан жіберуге қатаң тыйым салынады.
- 7.5. Сабақ кестесі бір семестрге жасалады және әр семестрдің басталуына 10 күннен кешіктірілмей ілінеді. Оқу сабақтарының барлық түрлері бойынша оқуда студенттердің жүктемесі, факультативті қосқанда - аптасына 36 сағат.
- 7.6. Бір академиялық сағаттың ұзақтылығы 45 минут болып бекітіледі. Сабақтың басталуы мен аяқталуы оқытушылар мен студенттерге қоңырау арқылы хабарланады. Екі академиялық сағат өткен соң (академиялық пар) ұзақтығы 5 минуттан кем емес үзіліс белгіленеді.
- 7.7. Сабақ басталған соң барлық оқу және оған жақын орналасқан ғимараттар қалыпты оқу сабақтарына қажетті тыныштық және тәртіппен қамтамасыз етіледі.
- 7.8. Әр сабақтың басталуына дейін (сабақтардың арасындағы үзілістерде) лаборанттар аудиторияларда, лабораторияларда, оқу шеберханалары мен кабинеттерде қажетті оқу құралдары мен аппаратураны дайындайды.
- 7.9. Әр топта үлгерімі жақсы және тәртіпті студенттер қатарынан староста тағайындалады, ол директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен және оқу бөлімімен тығыз байланыста жұмыс істейді.
- 7.10. Топ старостасы кураторға және оқу бөлімі меңгерушісіне тікелей бағынады, өз тобында колледж басшылығының барлық тапсырмаларын және өкімдерін жүргізеді.

8. Ғимараттардағы тәртіп

- 8.1. Оқу ғимаратының жақсы жабдықталуына (жиһаздың жақсы болуы, оқу жабдығының дұрыс болуы, қалыпты температураны, жарықты қамтамасыз ету және т.б.) колледж директорының әкімшілік - шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары жауапты. Директордың бұйрығымен бекітілген ғимараттарда аудитория мен жабдықтардың қалыпты санитарлық – техникалық жағдайын бақылау бөлім меңгерушісіне жүктеледі. Лабораториялардағы және кабинеттердегі жабдықтардың дұрыстығына, оқу құралдарының сабаққа дайындығына кабинет меңгерушісі (ол бекітілмесе лаборант) жауап береді. Ғимаратты, меншікті күзету және олардың санитарлық жағдайына жауапкершілік директордың бұйрығымен колледждің әкімшілік-шаруашылық қызметкерлерінің жекелеген мүшелеріне жүктеледі. Бекітілген аудиториялардың кілттері лаборанттарда болады, оларға аудиторияларды сабақтың басталуына дайындау жауапкершілігі жүктеледі. Оқу ғимараты бөлмелерінің, сонымен қатар аудиториялардың, лабораториялардың және кабинеттердің екінші кілттері оқу орнының комендантында сақталады.
- 8.2. Оқу орнының ғимаратында тыйым салынады:
 - сырт киіммен, бас киіммен отыруға;
 - қатты сөйлесуге, шу шығаруға, сабақ кезінде дәлізде жүруге, музыка тыңдауға;
 - темекі шегуге;
 - спирттік ішімдік ішуге.

Колледждің ішкі тәртіп ережесі бірыңғай болып табылады және оны барлық қызметкерлер мен студенттер орындауға міндетті.

Студенттердің ережені сақтауын бақылау директордың оқу ісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспекторға жүктеледі.

Студенттер мен олардың ата-аналары колледждің ішкі тәртіп Ережелерімен топтардың кураторлары мен оқу өндірістік шеберлері таныстыруға міндетті.